

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 256 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 тамызда № 17306 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.03.2019 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына, сондай-ақ "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

Ө. Шөкеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі

_____ Д. Абаев
2018 жылғы 25 мамыр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов
2018 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов
2018 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің

міндетін атқарушы
_____ Б. Шолпанқұлов

2018 жылғы 3 тамыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрінің

міндетін атқарушы

_____ Р. Дәленов

2018 жылғы 24 шілде

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 15 маусымдағы
№ 256 бұйрығына
1-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге, жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - тауар өндірушілер), асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген қаражат және іс-шаралар есебінен және шегінде бюджеттік субсидиялар (бұдан әрі - субсидиялар) беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аналық бас - табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын, жыныстық жағынан жетілген (мал шаруашылығы бойынша: асыл тұқымды жануарлар - 13 айдан бастап, тауарлық жануарлар - 18 айдан бастап, қой шаруашылығы бойынша - 12 айдан бастап, марал шаруашылығы (бұғы шаруашылығы) бойынша - 24 айдан бастап, шошқа шаруашылығы бойынша - 8 айдан бастап) жануарлардың ұрғашы дарақтарының басы;

2) арнайы шот - шарт талаптарын қамтамасыз ету үшін субсидиялар сомалары аударылатын қаржы институтындағы/екінші деңгейдегі банктегі тауар өндірушінің шоты;

3) бұқашықтарды өсіріп жетілдіру жөніндегі шаруашылық - тұқымдық түрлендіру нәтижесінде алынған бұқашықтарды сатып алуды, оларды өсіріп жетілдіруді жүзеге асыратын және бұқашықтарды қорытынды бордақылау үшін сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына өткізетін шаруашылық;

4) етті мал шаруашылығындағы оператор - сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын, асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды тауарлық және қоғамдық табындарға жалға беруді жүзеге асыратын, сондай-ақ одан әрі бордақылау үшін бұқашықтарды сатып алуды жүзеге асыратын бордақылау алаңы;

5) қоғамдық табын - жеке қосалқы шаруашылықтардың мал басынан қалыптастырылған ірі қара мал табыны;

6) қой шаруашылығындағы оператор - саулық басы 3000 бастан басталатын, тауарлық отарларға асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды жалға беруді жүзеге асыратын, сондай-ақ одан әрі бордақылау үшін еркек тоқтыларды сатып алуды жүзеге асыратын шаруашылық;

7) мал бордақылау жөніндегі көрсетілетін қызметтер - бордақылау алаңы меншігінде бордақылауға арналған бұқашықтары бар заңды тұлғаларға көрсететін мал бордақылау жөніндегі ақылы қызмет;

8) сатып алынған асыл тұқымды және таза тұқымды жануарларды мақсатты пайдалану - сатып алынған және субсидияланған жануарларды осы Қағидаларда көрсетілген талаптар мен мерзімдерде өсімін молайту мақсатында пайдалану;

9) тауарлық табын/отар - ірі қара малдың/қойдың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуді жүзеге асыратын шаруашылықтың немесе ауыл шаруашылығы кооперативінің мал басынан қалыптастырылған ірі қара мал табыны/қой отары;

10) тұқымдық түрлендіру - өсімін молайтуда асыл тұқымды тұқымдық жануарларды пайдалану жолымен аналық бастың тұқымдық және өнімділік сапаларын жақсарту;

11) шағылыстыру маусымы - ауыл шаруашылығы жануарларының өсімін молайту кезеңі;

12) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3. Субсидиялауға жататын бағыттар:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға:

ірі қара малдың, қойлардың, шошқалардың, маралдардың (бұғылардың) аналық басымен, сондай-ақ балараның ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізуге жұмсалған шығындарды арзандату;

отандық және шетелдік шаруашылықтардан асыл тұқымды немесе таза тұқымды ірі қара малдың аналық басын, етті бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын, асыл тұқымды тұқымдық қошқарларын, өнімдік бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырларын, асыл тұқымды тұқымдық түйелерін, асыл

тұқымды және таза тұқымды шошқалардың аналық басын, асыл тұқымды ешкілердің аналық басын сатып алуға жұмсалған шығындарды арзандату;

отандық және шетелдік шаруашылықтардан құстардың етті бағыттағы ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын сатып алуға жұмсалған шығындарды арзандату;

республикалық палаталарда тіркелген құс фабрикаларында алынған құстардың жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын сатып алуға жұмсалған шығындарды арзандату;

оператордың тауарлық табынның/отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын/асыл тұқымды тұқымдық қошқарларын күтіп-бағуға жұмсалған шығындарын арзандату;

жеке және заңды тұлғалардың қоғамдық табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағуға жұмсалған шығындарын арзандату;

сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының сатып алынған бір жынысты немесе қос жынысты ұрығының құнын арзандату;

асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтардың шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларының ұрығымен ірі қара малдың аналық басын, сондай-ақ қойдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерін субсидиялау;

эмбриондарды телу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау;

2) мал шаруашылығының өнімділігі мен өнім сапасын арттыруға:

сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген бұқашықтардың құнын арзандату;

сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарының бұқашықтарды бордақылауы кезіндегі шығындарды арзандату;

ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандату;

өткізілген қозылар құнын арзандату;

құс етін (бройлер тауығының етін, күркетауық, суда жүзетін құс етін), тағамдық жұмыртқа (тауық жұмыртқасы), сүт (сиырдың, биенің, түйенің сүті), биязы және жартылай биязы жүн өндіру құнын арзандату;

сүтті бағыттағы аналық мал басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату.

4. Субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар нормативтері осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген.

5. Көрсетілген субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бар облыс әкімдігі, Астана және Алматы қалаларының қаулысының жобасы нөмірленеді, тігіледі, мөрмен бекемделеді және оны екі данада облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы (бұдан әрі - Облыс басқармасы), Астана және Алматы қалаларының ауыл шаруашылығы басқармалары (бұдан әрі - Қала басқармасы) облыстың, Астана және Алматы қалаларының әкімі, ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адам қол қойған ілеспе хатпен тиісті жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) мақұлдауға береді.

Субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың басым міндеттеріне сәйкес анықталады.

Министрлік ұсынылған субсидиялау көлемдерінің мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың мақсаттары мен көрсеткіштеріне сәйкестігін бес жұмыс күні ішінде қарастырады.

Оң шешім болған жағдайда, Министрлік субсидиялау көлемдерінің бір данасын тиісті ілеспе хатпен тиісті жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей кері қайтарады.

Теріс шешім болған жағдайда, Министрлік уәжді негіздемесі бар хатпен субсидиялау көлемдерінің екі данасын да тиісті жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей пысықтауға жолдайды.

Пысықталған субсидиялау көлемдері екі данада облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің, ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адамның қолы қойылған ілеспе хатпен Министрлікке қайта келісуге тиісті жылдың 30 қаңтарынан кешіктірілмей беріледі.

Министрлік мақұлданған субсидиялау көлемдерінің бір данасын тиісті ілеспе хатпен тиісті жылдың 5 ақпанынан кешіктірмей кері қайтарады.

Субсидиялау көлемдері осы Қағидалар күшіне енгеннен кейін бір ай ішінде және одан кейін жыл сайын 5 ақпаннан кешіктірілмей, облыс, Астана және Алматы қалалары әкімдігінің қаулысымен бекітіледі.

Қаулы қабылданғаннан кейін облыстың, Астана және Алматы қалаларының әкімдігі екі жұмыс күні ішінде оны өз ресми интернет-ресурсына орналастырады.

Қаулы интернет-ресурста орналастырылғаннан кейін, Министрлік субсидиялау көлемдерін олардың бұрын мақұлданған нұсқасына сәйкес келуі тұрғысынан салыстырып тексереді. Сәйкессіздік анықталған жағдайда, Министрлік субсидиялау көлемдерін мақұлданған нұсқасына сәйкестендіру туралы облыстың, Астана және Алматы қалаларының әкімдігіне хабарлайды.

6. Мыналар субсидиялауға жатпайды:

1) бұрын сатып алу кезінде құнын арзандатуға субсидияланған, айырбас бойынша өзара есеп айырысу есебіне сатып алынған немесе өсімін молайту үшін

пайдаланылмайтын асыл тұқымды және таза тұқымды жануарларды, асыл тұқымды өнімді (материал) сатып алу;

2) нақты құны бекітілген нормативтен екі есе аспайтын сатып алынған отандық асыл тұқымды жануарлар;

3) ағымдағы шағылыстыру маусымында селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізілгені үшін субсидиялау бағыты бойынша ағымдағы жылы субсидияланған жануарлармен және балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс;

4) ағымдағы жылы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды/асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды күтіп-бағу бағыты бойынша субсидияланған табындарда /отарларда өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқалары/асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар;

5) тауарлық отардың өсімін молайту үшін операторлар жалға берген жағдайда, асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың сатып алу кезіндегі құнын арзандату;

6) асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтардың ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет көрсету кезінде пайдаланылған, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларының ұрығын сатып алу құнын арзандату;

7) тұқымдық түрлендіру нәтижесінде алынбаған бұқашықтарды (сүт-тауарлық фермалар өткізген бұқашықтарды қоспағанда) бордақылау кезіндегі шығындарды арзандату;

8) ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындарды қоспағанда, тауар өндірушілер басқа жеке және заңды тұлғалардан одан әрі қайта сату және (немесе) өңдеу үшін сатып алған мал шаруашылығы өнімдері;

9) тауар өндірушілер айырбас бойынша өзара есеп айырысу шотына өткізген немесе ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындар сатып алатын бұрын субсидияланған мал шаруашылығы өнімдерін қоспағанда, бұрын субсидияланған мал шаруашылығы өнімдері;

10) жеке аулада сойылған, сондай-ақ сою цехтарында (пункттерінде) ет өңдеуші кәсіпорындарда бастапқы өңдеуден өтпеген мал шаруашылығы өнімдері ;

11) тауар өндірушілер жануарларды мәжбүрлі санитариялық сою нәтижесінде алынған мал шаруашылығы өнімдері, сондай-ақ белгілі бір жануар түрі бойынша аса қауіпті және инфекциялық аурулар бойынша карантинге қою кезеңіндегі ауыл шаруашылығы жануарларының өнімдері мен бастары;

12) етті құс шаруашылығының жанама өнімдері - аяқтары, бастары, ішкі органдары;

13) жұмыртқа ұнтағын өндіру үшін өткізілген және (немесе) берілген тағамдық жұмыртқа;

14) орамасыз өткізілген өңделген сүт;

15) етті тұқымдардың асыл тұқымды аналық басынан алынған бұқашықтардың бордақылау алаңдарына өткізу кезіндегі құнын арзандату.

7. Жыл сайын тиісті ауданның, облыстық маңызы бар қаланың ауыл шаруашылығы бөлімі (бұдан әрі - Бөлім) субсидиялар алуға арналған өтінімдерді (бұдан әрі - өтінім) аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдігінің интернет-ресурсында қабылдауды бастағанға дейін күнтізбелік бес күннен кеш емес мерзімде субсидиялау үшін өтінімдер қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыру орналастырады. Өтінімдерді қабылдау ағымдағы жылғы 20 қаңтардан басталады.

8. Тауар өндірушілердің, жеке және заңды тұлғалардың субсидиялар алуының қажетті талабы өтінім берген сәтте осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келу болып табылады.

9. Субсидиялар мыналар үшін төленеді:

1) селекциялық және асыл тұқымдық жұмысқа тартылған ірі қара малдың, қойлардың, шошқалардың және маралдардың (бұғылардың) әрбір аналық басы үшін; етті, сүтті, және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасының/табынның/отардың өсімін молайтуға пайдаланатын асыл тұқымды тұқымдық қошқардың әр басы үшін - бір шағылыстыру маусымында;

2) селекциялық және асыл тұқымдық жұмысқа тартылған балара ұясы үшін - бір маусымда;

3) сатып алынған асыл тұқымды және таза тұқымды жануардың, құстардың етті бағыттағы ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанының, құстардың жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанының әр басы үшін - сатып алу фактісі бойынша (ірі қара малды сатып алу кезінде арнайы шотқа субсидиялар аударуды қоспағанда);

4) ірі қара мал мен қойлардың қолдан ұрықтандырылған әр аналық басы үшін - ұрықтандыру фактісі бойынша;

5) бір аналық басқа екі доза шығысы, бірақ шаруашылықтың жалпы аналық басына арналған қажеттілік көлемінен аспайтын есеппен бір жынысты және екі жынысты ұрық дозасы үшін - сатып алу фактісі бойынша;

6) эмбрионды сәтті телу нәтижесінде алынған бұзаудың бір басы үшін - генетикалық сертификаттау нәтижелері бойынша;

7) сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңына өткізілген бұқашықтың тірідей салмағының бір килограммы үшін; есепке алу

нөмірлері бар ет өңдеуші кәсіпорындарда және (немесе) сою цехтарында (пункттерінде) бастапқы өңделген немесе тірі күйінде жөнелтілген (басымдық өнімдері елден тыс жерге өткізуге бағдарланған субъектілерге беріледі) бордақыланған бұқашық өсімінің бір килограммы үшін; қозы сою және етін мүшелеу жөніндегі мамандандырылған ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе тірі күйінде жөнелтілген (басымдық өнімдері елден тыс жерге өткізуге бағдарланған субъектілерге беріледі) қозының бір басы үшін; ірі қара мал союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет комбинаттарына алынған сиыр етінің бір килограммы үшін; есепке алу нөмірлері бар өңдеуші кәсіпорындарда (цехтарда) өткізілген немесе сонда өңделген құс етінің, сүттің, биязы және жартылай биязы жүннің бір килограммы үшін; өткізілген тағамдық жұмыртқа бірлігі үшін - өткізу фактісі бойынша;

8) сүтті бағыттағы аналық мал басының бір басы үшін - пішен, пішендеме/сүрлем дайындау және құнарландырылған азық дайындау/сатып алу фактісі бойынша.

10. Бұрын мақұлданған, бірақ қаржыландырылмаған немесе ішінара қаржыландырылған өтінімдерді қоса алғанда, субсидияланатын бағыттардың бірі бойынша өтінімдерді толық көлемде қанағаттандыру үшін қаражат жетіспеген жағдайда, Облыс басқармасы, Қала басқармасы жетіспеген қаражатты бағыттар бойынша игерілмеген қаражат болған жағдайда, осы бағыттардан қайта бөледі.

Тауар өндірушіге тиесілі субсидиялардың төленбеген қалдығы оған басым тәртіппен келесі айдың қаражатынан (олар бар болған жағдайда) облыс, Астана және Алматы қалалары әкімдігінің субсидиялау бағыты жөніндегі қаулысымен бекітілген көлемдер шегінде төленетін болады.

11. Субсидиялау бағыттары арасындағы сомалар өзгерген жағдайда, облыс, Астана және Алматы қалалары әкімдігінің қаулысына осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген тәртіппен тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі. Бұл ретте мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың мақсаттары мен көрсеткіштеріне сәйкес басым бағыттар бойынша субсидиялар көлемдерін қысқартуға жол берілмейді.

12. Облыс басқармасы, Қала басқармасы ай сайын жеке және заңды тұлғалардың субсидиялар алуға арналған өтінімдерін қарау нәтижелері туралы ақпаратты облыс, Астана және Алматы қалалары әкімдігінің интернет-ресурсының арнайы бөлімінде жариялайды.

Облыс басқармасы, Қала басқармасы Министрлікке ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесіне дейінгі мерзімде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша және жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 10 қаңтарына дейінгі мерзімде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша бюджет қаражатын игеру жөніндегі есепті жолдайды.

13. Министрлік облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға арналған субсидиялауды іске асыруына мониторинг жүргізеді. Мониторинг қорытындылары бойынша Министрлік облыс, Астана және Алматы қалалары әкімінің атына ұсыныс енгізеді.

2-тарау. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бағыты бойынша субсидиялар алу тәртібі

14. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыты бойынша тауар өндірушілер өтінім беру үшін негіздер туындаған және тауар өндіруші осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өлшемшарттарға сай келген сәттен бастап, мынадай мерзімдер бойынша өтінімдер береді:

1) тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық басымен, сондай-ақ балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге, табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағуға жұмсалатын шығындарды арзандату - ағымдағы жылғы 15 сәуірден 1 қазанға дейін;

2) қойлардың, маралдардың (бұғылардың) аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге, тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды күтіп-бағуға жұмсалатын шығындарды арзандату - ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен 1 желтоқсанға дейін;

3) асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтардың шаруа (фермер) қожалықтары мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малының, сондай-ақ қойларының аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерін субсидиялау, эмбриондарды телу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау - ағымдағы жылғы 1 мамырдан 1 желтоқсанға дейін;

4) өтінім беруге негіздер туындаған сәттен бастап алты айдан аспаған отандық және шетелдік шаруашылықтардан асыл тұқымды немесе таза тұқымды жануарларды сатып алу құнын арзандату, отандық және шетелдік шаруашылықтардан құстардың етті бағыттағы ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын және жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын сатып алуға жұмсалған шығындарын арзандату; сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларының сатып алынған бір жынысты және екі жынысты ұрығының құнын арзандату - ағымдағы жылғы 25 қаңтардан 20 желтоқсанға дейін;

5) ірі қара малдың, шошқалардың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу - ағымдағы жылғы 25 қаңтардан 20 желтоқсанға дейін.

Тауар өндірушілер осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген өлшемшарттарға сәйкестікті мынадай мерзімде қамтамасыз етеді:

1) тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу - ағымдағы жылғы 1 қазанға дейін;

2) қойлардың, шошқалар мен маралдардың (бұғылардың) аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу - ағымдағы жылғы 1 желтоқсанға дейін;

3) табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу - ағымдағы жылғы 1 шілдеге дейін;

4) тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды күтіп-бағу - ағымдағы жылғы 1 желтоқсанға дейін.

15. Тауар өндірушілер асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бағыты бойынша тиісті негіздер туындауына қарай осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша:

1) қағаз түрінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) арқылы;

2) электрондық түрде селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасымен (бұдан әрі - АТЖ) авторландыру бөлігінде интеграцияланған www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы өтінімдер жолдайды.

Өтінім осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген өлшемшарттарды ескере отырып, АТЖ-ға енгізілген деректерді өңдеу нәтижелері бойынша АТЖ-да қалыптастырылады. АТЖ тауар өндіруші өтінімде көрсеткен деректердің бар-жоғын салыстырып-тексереді.

Тауар өндірушінің деректері осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келмеген жағдайда, АТЖ өтінім қалыптастырмайды.

Мемлекеттік корпорация бір жұмыс күні ішінде өтінімді Бөлімге жолдайды.

Тауар өндірушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық өтінім автоматты түрде Бөлімге өңдеу үшін жолданады.

Тауар өндіруші өтінімде ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растайды және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

16. Тауар өндірушінің өтінімі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өлшемшарттарға сәйкес келген жағдайда, Бөлім бір жұмыс күні ішінде өтінімді АТЖ арқылы Облыс басқармасына, Қала басқармасына жолдайды.

Облыс басқармасы, Қала басқармасы өтінім келіп түскеннен кейін бір жұмыс күні ішінде тауар өндірушіге АТЖ арқылы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімнің мақұлданғаны туралы хабарлама жолдайды.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы берген жағдайда, Облыс басқармасы, Қала басқармасы көрсетілген мерзімдер ішінде өтінімнің мақұлданғаны туралы хабарламаны одан әрі Мемлекеттік корпорацияға жолдау үшін Бөлімге жолдайды.

Тауар өндіруші Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде, құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте Бөлім мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімінің аяқталуынан бір күн бұрын береді.

17. Облыс басқармасы, Қала басқармасы субсидиялау бағыты және ай бойынша қаражат болған жағдайда, өтінім мақұлданған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде өтінімдердің келіп түсу хронологиясын ескере отырып, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес облыс, қала бойынша жиынтық акт қалыптастырады және ақы төлеуге жолдайды.

18. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бағыттары бойынша тиесілі бюджеттік субсидияларды тауар өндірушілердің банктік шоттарына аударуды Облыс басқармасы, Қала басқармасы аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ай бойынша қаражат болған жағдайда және тауар өндіруші Қазынашылық ақпарат жүйесінде тіркелген жағдайда, бір жұмыс күні ішінде екі данада төлем шоттарының тізілімін және төлем шоттарын беру жолымен жүзеге асырады.

19. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бағыттары бойынша алынған субсидиялар туралы мәліметтерді Облыс басқармасы, Қала басқармасы тауар өндірушілерге субсидиялар төленген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде АТЖ-ға енгізеді.

20. Тауар өндірушілер көрсетілген субсидиялау бағыттары бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім бергенге дейін АТЖ-ға мыналарды орналастырады:

- екінші деңгейдегі банктің немесе Ұлттық почта операторының ағымдағы шоттың бар-жоғы туралы анықтамасының электрондық көшірмесі (жылына бір рет немесе банктік шот ауысқан жағдайда беріледі);

- осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша қойлардың аналық басын ұрықтандыру туралы акт және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша ірі қара малдың аналық басын ұрықтандыру және буаздыққа зерттеп қарау актісі - шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларының ұрығымен аналық басты/қойларды қолдан ұрықтандыру кезінде.

Бөлім осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес елді мекендер тұрғындары жиынының асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды бекітіп беру және пайдалану жөніндегі шешімінде көрсетілген деректерге сәйкес ағымдағы жылғы 1 шілдеге дейін АТЖ-да аналық басты тіркей отырып, сондай-ақ асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды бекітіп бере отырып, қоғамдық табын қалыптастырады.

21. Тауар өндіруші асыл тұқымды немесе таза тұқымды ірі қара малды төлемін кейінге қалдыра отырып (ішінара төлей отырып), кредитке немесе лизингке сатып алған жағдайда, бюджеттік қаражатты өтінімде көрсетілетін сатушының, кредит берушінің немесе лизинг берушінің шотына аударуға жол беріледі.

Асыл тұқымды немесе таза тұқымды ірі қара малды импорттау жағдайында, қаржы институтының кредит комитетінің оң шешімі, кредит шарты/лизинг шарты болған жағдайда, субсидияларды мал үшін ақы төлеуге арналған арнайы шотқа аударуға болады.

Арнайы шотқа субсидиялар алу үшін қаржы институты Басқармаға қаржы институтының кредит комитетінің қаржы институты куәландырған оң шешімінің , кредит шартының/лизинг шартының көшірмелерін береді. Басқарма үш жұмыс күні ішінде қаражатты арнайы шотқа аударады.

Қаржы институты арнайы шотқа қаражат түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде кредит шартында көрсетілген шотқа қаражат аударады және Басқармаға қаражаттың аударылғаны туралы құжат береді.

Тауар өндіруші Басқарма субсидия аударған сәттен бастап күнтізбелік тоқсан күн ішінде АТЖ-ға малды тіркей отырып, Басқармаға асыл тұқымды немесе таза тұқымды ірі қара малды импорттау фактісі бойынша растаушы құжаттар беруге міндетті.

3-тарау. Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру бағыты бойынша субсидиялар алу тәртібі

22. Тауар өндірушілер мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру бағыты бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес өлшемшарттарға сай келген жағдайда және өнімді өткізіп, өткізілген өнімге ақы алған сәттен бастап бір ай ішінде, ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан бастап 20 желтоқсанына дейінгі мерзімде өтінімдер береді.

Тауар өндірушілер мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру бағыты бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша:

- 1) Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде;
- 2) АТЖ-мен авторландыру бөлігінде интеграцияланған портал арқылы электрондық түрде өтінім береді.

Өтінімдер осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген өлшемшарттарды ескере отыра, АТЖ-ға енгізілген деректерді пысықтау нәтижелері бойынша АТЖ-да қалыптастырылады.

Мемлекеттік корпорация арқылы өтінім берген жағдайда, тауар өндірушілер АТЖ-да қалыптастырылған өтінімді басып шығарады.

Мемлекеттік корпорация өтінімді бір жұмыс күні ішінде Бөлімге жолдайды.

Тауар өндірушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық өтінім автоматты түрде Бөлімге өңдеу үшін жолданады.

Тауар өндіруші өтінімде ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растайды және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

23. Субсидиялар алудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құс фабрикалары/сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдары/тауарлық сүт фермалары және ауыл шаруашылығы кооперативтері/қой союды жүзеге асыратын ет комбинаттары осы Қағидаларға 3-қосымшада белгіленген мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар алуға үміткер ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге, жеке және заңды тұлғаларға қойылатын өлшемшарттарға сәйкестігіне арнайы комиссияның қорытындысын алады. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының деңгейінде құрылатын комиссиялардың құрамы "Атамекен" ҚР ҰКП-ның өңірлік кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық салалық одақтардың/қауымдастықтардың/республикалық палаталардың өкілдерінен және Бөлім маманынан қалыптастырылады. Комиссияның қалыптасу рәсімі мен жұмысы "Атамекен" ҚР ҰКП-ның шешімімен регламенттеледі.

24. Арнайы комиссия кәсіпорындардың инфрақұрылымының бар-жоғын салыстырып-тексереді және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды береді, оның сканерленген көшірмесі АТЖ-да орналастырылады. Қорытындыда көрсетілген сәйкес келу/сәйкес келмеу туралы ақпарат АТЖ-ға енгізіледі.

Тауар өндірушілердің өлшемшарттарға сәйкестігін анықтау бес жұмыс күні ішінде өтеусіз негізде "Атамекен" ҚР ҰКП-ның өңірлік кәсіпкерлер палатасына тауар өндірушінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Қарау мерзімі тауар өндірушімен келісім бойынша 5 жұмыс күнінен аспайтындай ұзартылуы мүмкін.

Тауар өндірушілердің арнайы комиссия өлшемшарттарына сәйкестігін салыстырып-тексеру үш жылда бір рет не осы Қағидаларда белгіленген өлшемшарттар мен талаптар өзгерген кезде жүзеге асырылады.

25. Бөлім мал шаруашылығы өнімін субсидиялауға өтінім берген тауар өндірушілерді аса қауіпті және инфекциялық аурулар болған жағдайда ауданның,

республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың ветеринария бөлімі ұсынған, ауыл шаруашылығы жануарларының тиісті түрлерінің осындай аурулары бойынша карантинге қою жүргізілетін тауар өндірушілердің тізіммен салыстырып-тексеруді жүзеге асырады.

26. Бөлім өтінімді алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде тауар өндірушіні осы Қағидалардың 6 және 8-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан салыстырып-тексереді, сондай-ақ, өтінімде көрсетілген деректерді АТЖ-да тіркелген құжаттармен салыстырып-тексеруді жүзеге асырады.

Көрсетілген деректер сәйкес келген жағдайда, өтінім көрсетілген мерзім ішінде АТЖ арқылы Облыс басқармасына, Қала басқармасына жолданады.

Осы Қағидалардың 6 және 8-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкессіздік және өтінімде көрсетілген ақпараттың қоса тіркелген құжаттардағы ақпаратпен сәйкессіздігі анықталған жағдайда, Бөлім тауар өндірушіге көрсетілген мерзім ішінде бас тарту себептерін көрсете отырып, Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде не АТЖ арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама жолдайды.

АТЖ-ға тіркелген құжаттар бір жыл бойы сақталады.

27. Облыс басқармасы, Қала басқармасы өтінім келіп түскеннен кейін бір жұмыс күні ішінде тауар өндірушіге осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АТЖ арқылы өтінімнің мақұлданғаны туралы хабарлама жолдайды.

28. Облыс басқармасы, Қала басқармасы ай бойынша және субсидиялау бағыты бойынша қаражат болған жағдайда, өтінім мақұлданған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде өтінімдердің келіп түсу хронологиясы ескеріле отырып, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес облыс, қала бойынша жиынтық акт қалыптастырады және төлемге жолдайды.

29. Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру бағыттары бойынша тиесілі бюджеттік субсидияларды тауар өндірушілердің банктік шоттарына аударуды Облыс басқармасы, Қала басқармасы аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ай бойынша қаражат болған және тауар өндіруші Қазынашылық ақпараттық жүйесіне тіркелген жағдайда, төлем шоттарының тізілімін екі данада және төлем шотын бір жұмыс күні ішінде беру жолымен жүзеге асырады.

30. Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру бағыты бойынша алынған субсидиялар туралы мәліметтерді Облыс басқармасы, Қала басқармасы тауар өндірушілерге субсидия төленген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде АТЖ-ға енгізеді.

31. Тауар өндірушілер осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім бергенге дейін көрсетілген субсидиялау бағыты бойынша АТЖ-ға екінші

деңгейдегі банктің немесе Ұлттық почта операторының ағымдағы шоттың бар-жоғы туралы анықтамасының электрондық көшірмесін орналастырады (жылына бір рет немесе банктік шот ауысқан жағдайда беріледі).

32. Осы Қағидалар күшіне енгенге дейін мақұлданған, бірақ қаражаттың болмауы себепті төленбеген өтінімдер өтінімнің мақұлдануы сәтіне қолданыста болған Қағидалардың талаптары бойынша төленуі тиіс.

Асыл тұқымды мал
шаруашылығын дамытуды, мал
шаруашылығының өнімділігін
және өнім сапасын арттыруды
субсидиялау қағидаларына
1-қосымша

Субсидиялар нормативтері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге
Етті мал шаруашылығы			
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу		
1.1	Тауарлық аналық бас	бас	10 000
1.2	Асыл тұқымды аналық бас*	бас	20 000
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас	100 000
3.	Отандық етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын сатып алу	бас	150 000
4.	Импорттық асыл тұқымды немесе таза тұқымды аналық мал басын сатып алу*	бас	225 000
5.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген бұқашықтардың құнын арзандату	тірідей салмағының бір килограммы	200
6.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдары үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	қосқан салмағының бір килограммы	200
7.	Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандату	сиыр етінің бір килограммы	175
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды бұқалардың ұрығын сатып алу		
1.1	бір жынысты	доза	10 000
1.2	қос жынысты	доза	5 000
2.	Асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу		
2.1	отандық немесе ТМД елдерінен импортталған	бас	150 000
2.2	Аустралия, АҚШ және Канада мен Еуропа елдерінен импортталған*	бас	225 000

3.	Сүт өндіру құнын арзандату:		
3.1	бағымдағы аналық бас саны 600 бастан басталатын шаруашылық	сынақ салмағының бір килограммы	35
3.2	бағымдағы аналық бас саны 400 бастан басталатын шаруашылық	сынақ салмағының бір килограммы	20
3.3	бағымдағы аналық бас саны 50 бастан басталатын шаруашылық	сынақ салмағының бір килограммы	10
3.4	Ауыл шаруашылығы кооперативі**	сынақ салмағының бір килограммы	10
4.	Қоғамдық табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас	100 000
5.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	5000
6.	Эмбриондарды телу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	бас	80 000
7.	Сүтті бағыттағы аналық бастың азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату**	бас	120 000
Етті құс шаруашылығы			
1.	Отандық және шетелдік шаруашылықтардан ата-енелік/ ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	бас	600
2.	Құс етін өндіру құнын арзандату		
1)	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	килограмм	80
2)	10 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	килограмм	70
3)	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	килограмм	60
4)	2 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	килограмм	50
3.	Күрке тауық етін өндіру құнын арзандату	килограмм	200
4.	Суда жүзетін құс етін өндіру құнын арзандату	килограмм	40
Жұмыртқалық құс шаруашылығы			
1.	Республикалық палаталарда тіркелген құс фабрикаларынан алынған құстардың финалдық нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын сатып алу	бас	60
2.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату		
1)	200 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	дана	3
2)	150 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2,7
3)	100 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2,5
4)	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2,2
5)	20 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2
Шошқа шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды және таза тұқымды шошқалар сатып алу	бас	140 000

2.	Шошқалардың асыл тұқымды аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	бас	40 000
Қой шаруашылығы			
1.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	1 000
2.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу		
2.1	асыл тұқымды аналық бас	бас	2 500
2.2	тауарлық аналық бас	бас	1 500
3.	Асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар сатып алу		
3.1	Асыл тұқымды ешкілердің аналық басын сатып алу**	бас	40 000
4.	Тауарлық отардың өсімін молайту үшін асыл тұқымды тұқымдық қошқарды күтіп бағу	бас	10 000
5.	Қозы өткізу құнын арзандату		
6.	Өңдеуге өткізілген биязы және жартылай биязы жүн құнын арзандату		
6.1	сапасы 60-тан басталатын жүн	килограмм	150
6.2	сапасы 50-ден басталатын жүн	килограмм	100
Жылқы шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	бас	100 000
2.	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату		
Түйе шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу	бас	100 000
2.	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату		
Марал шаруашылығы (бұғы шаруашылығы)			
1.	Аналық баспен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу**	бас	10 000
Балара шаруашылығы			
1.	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу**	балара ұясы	5 000

Ескертпе:

* - жергілікті бюджеттен қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде және/немесе басқа бюджеттік бағдарламалардан қайта бөлінген кезде субсидиялау нормативтерін осы Қағидаларға 5-тармаққа сәйкес Министрлікпен келісім бойынша белгіленген нормативтен 50%-ға дейін ұлғайтуға жол беріледі;

** - жергілікті бюджеттен қосымша бюджет қаражат бөлінгенде.

Асыл тұқымды және таза тұқымды жануарлардың барлық түрлерін, құстардың ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын, республикалық палаталарда тіркелген құс фабрикаларынан алынған финалдық нысандағы тәуліктік асыл тұқымды балапанды сатып алу бекітілген нормативке дейін, бірақ оны сатып алу құнының 50%-ынан аспайтын мөлшерде субсидияланады.

Тауар өндірушілер үшін ауыл шаруашылығы өнімінің нақты өндірісі арнайы комиссияның қорытындысында көрсетілген, 24-аш нысаны бойынша өткен жылға арналған жылдық статистикалық деректермен айқындалады

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына
2-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға арналған субсидияларды алуға үміткер ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге, жеке және заңды тұлғаларға қойылатын өлшемшарттар

Р/с №	Субсидиялау бағыты	Өлшемшарттар
1	2	3
1.	Ірі қара малдың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	<p>1. Өтінім берген сәтте барлық жануарларда бірдейлендіру нөмірлерінің болуы және олардың АТЖ - да тіркелуі.</p> <p>2. Тауарлық аналық басы бар табын үшін: - өсімді молайтуда мындай зоотехникалық нормативтерге сәйкес етті тұқымның асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын (өзінің бұқаларын немесе жалдау шарттарымен) пайдалану: 1) жиырма бес аналық басқа кемінде бір асыл тұқымды тұқымдық бұқа есебімен; 2) қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық п а й д а л а н б а у ; 3) жасы ағымдағы жылдың 1 маусымына 12 айдан кем б о л м а у ы ; 4) бұрын тұқымдық түрлендіруде пайдаланылмаған.</p> <p>3. Етті тұқымның асыл тұқымды аналық бас бар табын ү ш і н :</p> <p>1) аналық баста тиісті тұқым бойынша Республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы; 2) асыл тұқымды аналық мал басын етті тұқымның тұқымдық бұқаларының ұрығымен қолдан ұрықтандыру немесе өсімін молайтуда етті тұқымның бірінші санатты асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын пайдалану.</p>
		<p>1. Өтінім берген сәтте барлық жануарларда бірдейлендіру нөмірлерінің болуы және олардың АТЖ - да тіркелуі.</p> <p>2. Мынадай зоотехникалық нормативтерге сәйкес аналық басты қолдан ұрықтандыруды пайдалану және (немесе) асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды (өзінің қошқарларын немесе жалдау шарттарымен) өсімді молайтуда пайдалану және бұрын тұқымдық</p>

2.	Қойлардың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	<p>түрлендіруде пайдаланылмаған қошқарларға ауыстыру:</p> <p>1) еркін шағылыстыру кезінде жиырма бес аналық басқа кемінде бір тұқымдық қошқар және/немесе қолдан ұрықтандыруда үш жүз аналық басқа кемінде бір тұқымдық қошқар;</p> <p>2) тұқымдық қошқарды қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық, тұқымдық қошқарды жалдаған жағдайда - бір шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау;</p> <p>3) асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың жасы ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне 12 айдан кем болмауы.</p> <p>3. Қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін технологиялық жабдықтың болуы немесе асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтармен бірлесе отырып, қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыруды жүргізу (қолдан ұрықтандыруды пайдалану кезінде).</p> <p>4. Асыл тұқымды аналық басы бар отарлар үшін қосымша - аналық баста Республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы;</p>
3.	Шошқалардың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	<p>1. Өтінім берген сәтте барлық жануарларда бірдейлендіру нөмірлерінің болуы және олардың АТЖ - да тіркелуі.</p> <p>2. Субсидия алуға өтінім берген сәтте аналық бас 50 бастан басталады.</p> <p>3. Мынадай зоотехникалық нормативтерге сәйкес өсімді молайтуда аналық басты қолдан ұрықтандыруды пайдалану немесе асыл тұқымды тұқымдық еркек шошқаларды пайдалану;</p> <p>1) еркін шағылыстыру кезінде жиырма бес аналық басқа кемінде бір тұқымдық еркек шошқа немесе қолдан ұрықтандыруда екі жүз аналық басқа кемінде бір тұқымдық еркек шошқа;</p> <p>2) тұқымдық еркек шошқаларды қатарынан екі жылдан артық пайдаланбау.</p>
4.	Маралдардың (бұғылардың) аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	<p>1. АТЖ-да және Республикалық палатада тіркелген болуы.</p> <p>2. Мынадай зоотехникалық нормативтерге асыл тұқымды тұқымдық аталықтарды өсімді молайтуда және ротациялауда пайдалану:</p> <p>1) аталықтардың жасы ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне 36 айдан кем болмауы;</p> <p>2) отыз аналық басқа кемінде бір тұқымдық аталық;</p> <p>3) тұқымдық аталықты қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау.</p>
5.	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	<p>1. Субсидия алуға өтінім берген сәтте АТЖ-да кемінде 10 балара ұясының болуы.</p>
		<p>1. Өтінім берген сәтте сатып алынған мал басында АТЖ-да бірдейлендіру нөмірлерінің болуы және олардың тиісті Республикалық палатада тіркелуі.</p> <p>2. Сатып алынған бастың жасы сатып алу сәтінде (ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату күнінде; импортталған жағдайда -</p>

